

**Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың
туындауына әкеп соққан мән-жайларды (фактілерді) растау және қарыз алушының
өтінішін қарау үшін қарызды қайта құрылымдау кезінде клиент ұсынатын құжаттар
тізбесі¹**

Өмірлік жағдай	Растаушы құжаттар тізбесі
Жұмысынан айырылу Қарыз алушыны уәкілетті мемлекеттік органдарда жұмыссыз ретінде тіркеу Қарыз алушының орташа айлық табысының төмендеуі (БҚШ/КЖАК бойынша барлық қарыз алушының жиынтық орташа айлық табысы)	Жұмыстан босату туралы бұйрықтың көшірмесі немесе жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату, жалақысы сақталмайтын демалыс беру туралы актісі немесе қарыз алушының еңбекке уақытша жарамсыздық парағы/анықтамасы. Қарыз алушыны уәкілетті мемлекеттік органдарда жұмыссыз ретінде тіркеу туралы анықтама. Қарыз алушының жұмыс орнынан соңғы алты айдағы табысы туралы анықтама немесе қарыз алушының ақшасының түсуі мен қозғалысы туралы үзінді көшірме. Жалақы мөлшері көрсетілген жұмыс орнынан анықтама және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер
Қарыз алушының еңбекке уақытша жарамсыздығы (осы Қосымшаның Кестесіне сәйкес ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесіне кіретін ауруға байланысты екі айдан астам уақыт бойы)	Медициналық мекеме құжатының көшірмесі/түпнұсқасы: қарыз алушының екі айдан астам уақыт бойы еңбекке уақытша жарамсыздығын растайтын еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы, мүгедектік туралы анықтама.
Халықтың әлеуметтік жағынан осал тобы (бұдан әрі – ХӘОТ) мәртебесі. Қарыз алушының БҚШ-қа қызмет көрсету кезеңінде ХӘОТ-қа жатқызылуы не атаулы әлеуметтік көмектің тағайындалуы, не қарыз алушымен бірге тұратын жақын туысының, жұбайының (зайыбының) ХӘОТ мәртебесін алуы, бұл қарыз алушының орташа айлық жиынтық табысының (БҚШ/КЖАК бойынша барлық қарыз алушының жиынтық орташа айлық табысының) төмендеуіне әсер етсе.	Қарыз алушының немесе онымен бірге тұратын жақын туысының, жұбайының (зайыбының) әлеуметтік мәртебесінің ХӘОТ-қа өзгергенін растайтын құжаттың көшірмесі/түпнұсқасы, мүгедектік туралы анықтама
Бала күтіміне арналған демалыс. Қарыз алушының бала (балаларды) тууына байланысты демалыста болуы. Қарыз алушының жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты немесе бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне	Қарыз алушының бала (балаларды) тууына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты демалыста, сондай-ақ бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне арналған жалақысы сақталмайтын демалыста болуын растайтын құжаттың түпнұсқасы

¹ Құжаттардың осы тізбесі мұнымен шектелмейді, Банктің УО қосымша құжаттар мен ақпарат сұратуы мүмкін.

арналған демалыста болуы	
Мерзімді әскери қызметке шақырылу. Қарыз алушының міндетті мерзімді әскери қызметтен өтуі	Қарыз алушының мерзімді әскери қызметтен өтіп жатқанын растайтын, әскери бөлім командирінің қолы қойылған ресми құжат.
Орташа айлық табыстың төмендеуі. Асыраушысынан айырылу. Шығыстардың ұлғаюы. Қарыз алушының орташа айлық табысының төмендеуіне әсер еткен негізгі асыраушының/жұбайының (зайыбының)/жақын туысының ауруына/қайтыс болуына байланысты мән-жайлар; бірге тұратын еңбекке жарамсыз асырауындағы адамдар: ата-ана, кәмелетке толмаған балалар (қорғаншылықтағы; асырап алынған) және т.б. санының артуы	Қарыз алушының жақын туыстарының/жұбайының (зайыбының) ауруын растайтын уәкілетті/жауапты органдардың құжаты / еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы, сондай-ақ асыраушы болған жұбайының (зайыбының)/жақын туыстарының қайтыс болуы туралы анықтама; некені бұзу туралы куәлік; мүлікті бөлу және қорғаншылық туралы сот шешімі (бар болса); тұрақты түрде бірге тұру туралы куәлік, қорғаншылық органдарынан алынған құжаттар және т.б. Жалдау ақысын төлеудің тәртібі мен мерзімдері көрсетілген, нотариаттық куәландырылған жалдау шарты.
Өзге де мән-жайлар, соның ішінде жазатайым оқиға, үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері (айналымдағы тауарларды және қарыз алушы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланған өзге де мүлікті ұрлау), өрт, су басу салдарынан қарыз алушының жылжымалы/жылжымайтын мүлкін жойған (банктік қарыз шартында тіркелген немесе тұратын мекенжайы ретінде көрсетілген мекенжай бойынша) материалдық зиян алуы немесе еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлардағы төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың салдарынан тиісті түрде орындау мүмкін болмай қалған жағдайлар	Қарыз алушыға жазатайым оқиға, үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері (айналымдағы тауарларды және қарыз алушы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланған өзге де мүлікті ұрлау), қарыз алушының жылжымалы/жылжымайтын мүлкін жойған (банктік қарыз шартында тіркелген немесе тұратын мекенжайы ретінде көрсетілген мекенжай бойынша) өрт, су басу салдарынан материалдық зиян келтірілгенін немесе төтенше жағдайлардың, соның ішінде табиғи сипаттағы апаттық құбылыстардың туындауы салдарынан тиісті түрде орындау мүмкін болмай қалғанын растайтын уәкілетті/жауапты органның құжаты. Жалдау ақысын төлеудің тәртібі мен мерзімдері көрсетілген, нотариаттық куәландырылған жалдау шарты; форс-мажорлық мән-жайлардың туындау фактісін растайтын ресми құжаттар. Қарыз алушы өтініш білдірген сәтте жүргізілген қаржылық талдау. Уәкілетті мемлекеттік органның қарыз алушының шоттарына тыйым салуы туралы шешімі, инкассолық өкім, сот актілері, қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлау фактісін растайтын өзге де құжаттар.

Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесі

№ р/б	Аурулар
1	Туберкулез
2	Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) тудыратын ауру
3	Созылмалы вирусты гепатиттер және бауыр циррозы
4	Қатерлі ісіктер
5	Қант диабеті
6	Психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар (аурулар)
7	Балалардың церебральды сал ауруы
8	Жіті миокард инфаркті (алғашқы 6 айда)
9	Ревматизм
10	Дәнекер тіннің жүйелік зақымдануы
11	Нерв жүйесінің дегенеративті аурулары
12	Орталық нерв жүйесінің демиелиндену аурулары
13	Орфандық аурулар